

ӘОЖ 372.882

**ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК
МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Сүлейменова Жансая Тоқтарқызы

Zhansaya_toktarovna@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Педагогика және психология» білім беру
бағдарламасының

2 курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор П.Б.Сейітқазы

Цифрлық білімдік орта үздіксіз білім берудің барлық деңгейлерін қамти отырып, жоғары оқу орнында болашақ мамандарды онлайн және аралас формада оқытуға мүмкіндік беретін кеңістік. Сонымен қатар, болашақ мамандардың ХХІ ғасырдағы қоғамға қажетті маңызды кәсіби-тұлғалық сапалары мен іскерліктерінің қалыптасуына жағдай жасайды: ақпараттық сауаттылық, цифрлық ресурстарды пайдалана алу іскерлігі, жаһандық деңгейде ойлана алу, үздіксіз түрде білім алу және шығармашылық міндеттерді орындау және т.б.

Бүгінде әлем халқының 86%-ы мобильді байланысты белсенді тұтынушылар қатарына кірсе, шамамен 2 млрд-тай адам интернет желісіне еркін қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Киберкеңістік ақпаратты іздеу және тасымалдау құралы, сондай-ақ виртуалды қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл ортасы бола отырып, тұлғаның мінез-құлық стереотиптерінің, сондай-ақ идеалдарының, рухани құндылықтарының, жеке және қоғамдық дүниетанымының қалыптасуына айтарлықтай өз ықпалын тигізеді [1].

Қазіргі қоғамда жоғары білім беру жүйесі де біршама өзгерістерге ұшырады, атап айтқанда: ізгілендіру, цифрлық трансформация, болашақ маманға қойылатын жаңа талаптар және білім беру үдерісіндегі оқытушының рөлі және т.б. Цифрлық технологиялар жаңа

мүмкіндіктер ашып қана қоймай, оқу үдерісін ұйымдастырудың және дамытудың жаңаша әдістемелік жолдарын қарастыруды талап етуде.

Цифрлық орта ұйымдастырушылық, техникалық және әлеуметтік-даму функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде болашақ маманның келесідей бағыттарда қалыптасуына жол ашады:

- әрекеттік бағыт (АКТ арқылы ақпараттық өріс мүмкіндігін пайдалана отырып, ақпаратты іздеу, жинау, талдау, тасымалдау іскерліктері);

- технологиялық (ақпаратты білімге айналдыру, цифрлық ортада жаңа элементтер мен бағдарламаларды құру және жобалау т.б.);

- әлеуметтендіру (киберкеңістіктің әлеуметтік үдерістерін ұғыну, өз ұстанымын қалыптастыру, өз идеяларын жауапкершілікпен іске асыру, адекватты өнімді іс-әрекет шешімдерін қабылдау, таным мен қарым-қатынас үдерісінде электрондық құралдарды пайдалану қабілеті т.б) [2].

Цифрлық орта ақпараттық технологиялар мен киберкеңістіктің барлық ерекшелігін біріктіреді және белгілі бір деңгейде инфрақұрылымға (телекоммуникациялық/интернет желілер және суперкомпьютерлерден смартфондарға дейін әртүрлі есептеу кешендері), құрылымға (интернет, бағдарламалық платформалар мен интерфейс, желілік бағдарламалық хаттамалар) және ультрақұрылымға (инфосфера) ие [3].

Өзінің ерекшелігі және көптеген артықшылықтарына қарамастан, заманауи білім беруді цифрландырудың бірқатар кемшіліктері бар:

1. Оқытушы мен студенттер арасындағы тікелей тұлғааралық байланыстың азаюы. АКТ-ны қолдану кезінде оқытудағы негізгі рөл біртіндеп техникалық құралдарға ауысады, оқытушы көп жағдайда қажетті материалды іріктеумен және оны кейіннен аудиторияға таратумен айналысады.

2. «Студент – компьютер» байланысы болашақ мамандардың қарым-қатынас дағдыларының төмендеуіне әсер етеді: студент техникалық оқу құралдарымен байланысқа неғұрлым көп уақытын жұмсаса, соғұрлым оқытушымен және басқа да студенттермен сөйлесуге уақыты аз қалады. Мұндай жағдайда қарым-қатынас дағдылары айтарлықтай төмендейді, бұл кейіннен әлеуметтенуге теріс әсерін тигізеді.

3. Компьютермен байланыс сабақта ғана емес, жалпы өмірде де жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділік деңгейін төмендетеді.

4. Қазіргі заманғы АКТ-ны қолдана отырып, студенттер ақпаратты іздеуге және өңдеуге аз уақыт жұмсайды. Олар интернеттен дайын баяндамалар мен эсселер алып, пайдаланады. Сонымен қатар, олар материалға егжей-тегжейлі іріктеу мен талдау жүргізбейді. Болашақта мұндай студенттерге курстық және дипломдық жұмыстарды өз бетінше жазу біршама қиынға соғады.

5. Компьютерде үнемі жұмыс істеу тәуелділікке әкелуі мүмкін. Бұл тек оқу мәселесіне ғана емес, сонымен бірге психикалық, физиологиялық ауытқуларға әкеп соқтыруы мүмкін күрделі мәселе.

6. Компьютерді, гаджеттерді шамадан тыс пайдалану, тұлғаның денсаулығына да кері әсерін тигізеді. Цифрлық орта болашақ мамандардың көлемді ақпараттарды қабылдау қабілеті мен әлеуметтік дағдыларының төмендеуінен бөлек, студент жастар арасындағы экранға деген тәуелділіктің қалыптасуына, электромагниттік сәулелену, көру қабілетінің нашарлауы және т.б әсер етеді. Сондай-ақ, белгілі бір деңгейде адамның коммуникативтік сөйлеу қабілеттерінің төмендеуіне, тұлғааралық қарым-қатынастың түрлі әлеуметтік желілердегі виртуалды байланысқа ауысуына, эмоционалды көңіл-күйді сезіну, коммуникация нәтижесін болжау іскерліктерінің төмендеуіне әкеп соқтырады.

Заманауи әлемде виртуалды қарым-қатынас жан-жақты, ерекше сипатта бүкіл ғаламды біртұтас коммуникативті жүйеге біріктіре алатын және әрбір адамға әсер етуге қауқарлы күшке ие. Интернет қазіргі адамдардың өмір сүру ортасына айналды және уақыт өткен сайын оған деген тәуелділік артып келеді. Жаңа байланыстар қысқа, дискретті, қарқынды бола бастады. Тікелей тұлғааралық қарым-қатынасты гаджеттермен байланысқа

алмастыру басқа адамдардың бет-әлпетін оқу, олардың интонациясын сезіну, ауызша құралдарға сүйенбестен ортақ тіл табысу іскерлігін төмендетуде.

Сондықтан да, қазіргі заманғы мамандар жаңа цифрлық білім беру ортасында коммуникативтік технологияларды қолдануға және мәдени сөйлеу дағдыларын жүзеге асыруға дайын және қабілетті болғаны жөн. Цифрлық ортада өзара әрекеттесудің сөйлеу және кеңістік-уақыт параметрлері де өзгеріске ұшырайды. Сондықтан, болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін жетілдіру бүгінгі күні жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық және техникалық пәндердің (философия, педагогика, психология, әлеуметтану, информатика және т.б.) ортақ мүдделері қиылысында орналасқан маңызды ғылыми мәселе болып табылады [4].

Мәдениет тарихи құрылым ретінде уақыт өте келе дамып, өзгеріп отырады. Жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын коммуникативті мәдениет те өзгеріске ұшырайды: тіл, қарым-қатынас стилі өзгереді, қазіргі өмірдің жылдам ырғағына сәйкес келетін жаңа формалар мен байланыс арналары пайда болады, бұл сізге жылдам ақпарат алмасуға, нәтижелі диалог пен ынтымақтастық құруға мүмкіндік жасайды.

«Мәдениет» пәнаралық, көп өлшемді түсінік ретінде философия, әлеуметтану, мәдениеттану, тарих, өнертану, психология, педагогика және басқа да ғылымдарда қолданылады. Қоғам мәдениетінің функционалды құралы ретінде коммуникативті мәдениет адамға материалдық және рухани құндылықтарды игеруге, өзін-өзі қалыптастыруға және жетілдіруге, әлемдік мәдени коммуникативті кеңістікке енуге мүмкіндік береді. Ал, коммуникация – оқшауланған тұлғалардың сырттай өзара әрекеттестігінің үдерісі ғана емес, біртұтас сипаттағы қоғамның ішкі ұйымдастырылуы мен ішкі эволюциясының тәсілі ретінде қарастырылады.

Коммуникативті мәдениет болашақ маманның жалпы мәдени және кәсіби қалыптасуында жетекші рөл атқарады. Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, зерттеушілер көбінесе коммуникативті мәдениетті жеке тұлғаның жалпы мәдениетін анықтайтын негізгі компоненттер арқылы зерделейді:

- сөйлеу мәдениеті (коммуникативтік мәдениет);
- ойлау мәдениеті (танымдық мәдениет);
- сезім мәдениеті (эмоционалды мәдениет) [5].

Коммуникативті мәдениет жалпы, жаһандық мағынада адамзаттың мәдени мұрасының бөлігі болып табылады. Түсініктемелердің айырмашылығына қарамастан, барлық зерттеушілер коммуникативті мәдениет жеке тұлғаның жалпы және кәсіби мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады деген тұжырыммен келіседі. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде коммуникативті мәдениет адамның психикалық, физикалық, жеке тұлғалық қасиеттерін қарым-қатынасқа байланысты міндеттерді шешуде тиімді пайдалануға жағдай жасайтын білім, іскерлік және дағдылардың жиынтығы ретінде түсіндіріледі [6].

Қай салада қызмет етсе де, болашақ мамандардың кәсіптік іс-әрекеті коммуникативті мамандықтың субъектісі ретінде әртүрлі деңгейдегі және көпжоспарлы іскерлік қатынаста ақпарат алмасудан тұрады. Ақпарат алмасу – коммуникативті іс-әрекеттің негізгі мазмұны. Тұлғааралық қарым-қатынас нәтижелі орнауы үшін, өзара әрекет жүйесіндегі субъектілердің ақпарат алмасуын үнемі талдап отыру маңызды. Бұл жағдай ақпарат алмасу үшін өзара қарым-қатынасқа түскен сәтпен, одан кейінгі жағдайды болжауға мүмкіндік береді.

Коммуникация барысында орын алған жағдаяттан оңтайлы шығып кету жолын таба білу де тұлғаның коммуникативтік мәдениеттілігінен хабар береді. Тұлғааралық қарым-қатынас жағдайы әртүрлі болғандықтан маманның орын алған өзара әрекет жағдаятынан шығып кету үшін адекватты шешім қабылдау іскерлігі болуы қажет. Сондықтан да, коммуникативті мәдениеттің екінші бір жағы: ашық қарым-қатынасқа қабілетті болу, өзара түсінісуге бағдарлану, тұлғааралық қарым-қатынасты орнатуға және өзара дамуға мүдделі болу, тұлғалармен қарым-қатынасқа сай болу, қарым-қатынас нәтижесін болжау және т.б дегенді білдіреді.

Қазіргі уақытта, коммуникативті мәдениет қарым-қатынастың интегративті рухани-гуманистік бағыты бар күрделі ұйымдастырылған әлеуметтік және жеке тұлғалық жүйе ретінде қарастырылады. Коммуникативті мәдениеттің жалпы мазмұны келесідей құрылымдық элементтерді қамтиды: гуманистік бағыт; аксиологиялық әлеует; акмеологиялық; тұлғалық-әрекеттік өзін-өзі ұйымдастыру және шығармашылық өзін-өзі дамыту; коммуникативті технологиялық даму және т.б [7].

Сонымен, коммуникативті мәдениет – бұл болашақ маманның өзара іс-қимылы мен қарым-қатынасының барлық аспектілерін қамтитын, маңызды функцияларды (гуманистік; аксиологиялық; ақпараттық; әдіснамалық; танымдық; реттеуші; семиотикалық; интегративті; тәрбиелік және т.б.) орындайтын әлеуметтік мәдениеттің ерекше формасы. Коммуникативті мәдениет адамның сыртқы әлеммен өзара әрекеттестігі мен қарым-қатынасының сапасын анықтайды. Коммуникативтік мәдениет – іскерлік серіктестермен психологиялық байланыс орнатуға, қарым-қатынас барысында нақты қабылдау мен түсіністікке қол жеткізуге, іскерлік серіктестердің мінез-құлқын болжауға, мінез-құлқын бағыттауға жағдай жасайды. Болашақ маманның коммуникативтік мәдениеті оның қарым-қатынас барысында нақты қабылдау мен түсіністікке қол жеткізуге, әңгімелесушінің мінез-құлқын болжауға және бағыттауға, коммуникативтік этикетті сақтауға мүмкіндік беретін адамдардың өзара іс-қимылын ұйымдастыру саласындағы білім, іскерлік, дағдыларын қамтиды.

Қорыта келгенде, мәдениет тарихи құрылым ретінде өмір сүреді, дамиды, уақыт өте келе өзгереді. Жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын коммуникативті мәдениет те өзгеріске ұшырайды: тіл, қарым-қатынас стилі өзгереді, қазіргі өмірдің жылдам ырғағына сәйкес келетін жаңа формалар мен байланыс арналары пайда болады, бұл біздерге көп ақпарат алмасуға, жылдам кері байланыс алуға, нәтижелі диалог пен ынтымақтастық құруға мүмкіндік береді. Осылайша, дамып келе жатқан коммуникативті мәдениет қоғамның цифрлық трансформациясының жаңа жағдайларында оның даму деңгейін бағалайтын жаңа модельдер мен критерийлерді әзірлеуді талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Трудности и перспективы цифровой трансформации образования / под. ред. А.Ю.Уварова, И.Д.Фрумина. – Москва: Изд.дом Высшей школы экономики, 2019. – 344 с.
2. Моспан Т.С. Формирование профессионально важных качеств будущих педагогов для работы в цифровой образовательной среде: автореф. дисс...канд.пед.наук. – Кемерово, 2020.-24 с.
3. Дидактическая концепция цифрового профессионального образования и обучения / П. Н. Биленко, В.И. Блинов, М.В. Дулинов, Е.Ю. Есенина, А.М. Кондаков, И.С. Сергеев; под науч. ред. В.И. Блинова. – Москва, 2020. – 98 с
4. Челпанова Е.В. Педагогические средства актуализации коммуникативной компетентности будущих учителей: автореф. дисс...канд.пед.наук. – Екатеринбург, 2005.-24 с.
5. Культура сетевых коммуникаций цифрового поколения: ресоциализация отношений и доместикация социальных медиа (сборник материалов исследования) / науч. ред. А.П. Глухов. – Томск: Издательский Дом Томского государственного университета, 2018. – 120 с.
6. Кондрашина В.В. Формирование коммуникативной культуры учителя в условиях цифровой трансформации образования // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования, 2020.- Т. 9.- 33-40 с.
7. Дзялошинский И.М., Пильгун М.А. Культура коммуникаций в условиях цифровой и социокультурной глобализации: глобальный и региональный аспекты. В 3-х т. Монография. –М.: Издательство АПК и ППРО, 2018. – 400 с.